

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі № 444 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылғы 20 қазанда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 1

с ә у і р д е г і

№

4 4 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

(2012 жылғы 30 мамырда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2012 ж., N 4, 61-құжат)

Бұдан әрі «Уағдаласушы Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі теңдік, өзара тиімділік пен өзара көмек қағидаттарына сәйкес екі мемлекет арасында теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы қатынастарды нығайтуға және дамытуға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті.

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын негізгі терминдер:

1. «Уағдаласушы Тараптың кемесі» – осы Уағдаласушы Тараптың мемлекеттік кеме тізіліміне немесе басқа да тиісті ресми тізіліміне енгізілген әрі оның заңдарына және

құқықтық ұйғарымдарына сәйкес осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің туын көтеріп
ж ү з е т і н к е з к е л г е н к е м е .

Алайда бұл терминге мыналар кірмейді:
әскери корабльдер және коммерциялық емес мақсаттарда пайдаланылатын басқа да
к е м е л е р ;

гидрографиялық, мұхиттану және ғылыми зерттеулер үшін пайдаланылатын
к е м е л е р ;

балық кәсіпшілігі мен инспекциялық кемелер;

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының мемлекеті теңіз порттарының
арасындағы каботажға және ішкі сулар бойынша кеме қатынасына арналған кемелер;

лоцмандық қызметтерді, сүйретіп жүзуді қоса алғанда, порттық, рейдтік және өзге
де қызметтерді көрсетуге арналған кемелер;
спорттық кемелер мен серуендік яхталар.

«Экипаж мүшесі» – кеме капитаны және кеме бортында кемені пайдалануға немесе
онда қызмет көрсетуге байланысты міндеттерді орындаумен байланысты, кеме рөліне
аты енгізілген және осы Келісімнің 8-бабына сәйкес теңізшінің сәйкестендіру
құжаттарына ие кез келген басқа тұлға;

«Теңіз порты» – Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында
белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелерінде орналасқан, кемелерге,
жолаушыларға, багажға қызмет көрсетуге және жүктермен жасалатын операцияларды
жүзеге асыруға, сондай-ақ теңіз көлігі қызметінің өзге де мақсаттарына арналған
қ ұ р ы л ы с т а р к е ш е н і ;

« Қ ұ з ы р е т т і о р г а н д а р » :

Қазақстан Республикасы тарабынан – Қазақстан Республикасының Көлік және
к о м м у н и к а ц и я м и н и с т р л і г і ;

Әзербайжан Республикасы тарабынан – Әзербайжан Республикасының
М е м л е к е т т і к Т е ã і з Ә к і м ш і л і г і .

2. Құзыретті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде Уағдаласушы
Тараптар бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды.

2-бап

1. Уағдаласушы Тараптар бұл ретте тең құқықтық және өзара тиімділік
қағидаттарын басшылыққа ала отырып, екіжақты халықаралық теңіз сауда кеме
қатынасының дамуына жәрдем көрсетеді.

2. Жүктерді тасымалдауда Уағдаласушы Тараптар олардың кеме жалдау, кеме
қатынасы және кеме қатынасымен байланысты кәсіпорындары мен ұйымдары
арасындағы тығыз ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

3-бап

1. У а ғ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р :

Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері кемелерінің өз мемлекеттерінің теңіз порттары арасындағы теңіз арқылы тасымалдарға қатысуына, сондай-ақ паромдық тасымалдардың одан әрі дамуына ықпал етуге; өз мемлекеттерінің теңіз порттары арасында тасымалдарды дамытуды, соның ішінде терминалдармен жүкті тиеуді және қабылдауды қиындата алатын бөгеттерді жоюды ынтымақтасуға;

бір Уағдаласушы Тарап мемлекеті кемелерінің екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің теңіз порттары мен үшінші елдердің теңіз порттары арасындағы тасымалдарға қатысуына кедергі келтірмеуге;

екі Уағдаласушы Тарап қолданатын халықаралық сауда мақсатында теңізде жүзу талаптарына жауап бермейтін, Уағдаласушы Тараптардың туын көтеріп жүзетін кемелердің Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің теңіз порттары акваториясына кіруін шектеуге;

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері бір мезгілде қатысушылары болып табылатын теңіздегі кеме қатынасы қауіпсіздігінің мәселелері жөніндегі халықаралық шарттар талаптарының сақтауын қамтамасыз етуге;

болу мемлекетінің бақылаушы органдары өкілдерінің оларға жүктелген функцияларды орындауына кедергі келтірмеуге келіседі.

2. Осы баптың ережелері үшінші елдер кемелерінің Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің порттары арасындағы тасымалдарға қатысу құқығын қозғамайды.

4-бап

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтарында қолданыстағы ұлттық заңнамаларға сәйкес бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеме қатынасы немесе кеме қатынасымен байланысты кәсіпорындары мен коммерциялық ұйымдарына екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің теңіз порттарына/порттарынан желілер ашуға, сондай-ақ олардың екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында өкілдіктер немесе бірлескен кәсіпорындар құруға қажетті жәрдем көрсетеді.

5-бап

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзінің теңіз порттарына еркін кіруге, айлақтардан орын беруге, жүктерді тиеу және түсіру, жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін теңіз порттарын пайдалануға қатысты өз мемлекетінің кемелеріне ұсынатындай жағдайларды екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кемелеріне ұсынады.

Уағдаласушы Тараптар порттарындағы ресми порттың билік орындары мен

терминалдары алатын алымдарға және кемелерді өңдеумен байланысты қызметтерге қатысты Әзербайжан Республикасының порттарында және терминалдарында Қазақстан Республикасы туын көтеріп жүзетін кемелерден Қазақстан Республикасының порттары мен терминалдарында Әзербайжан Республикасының туын көтеріп жүзетін кемелерден алынатындай порттық алымдар сомасы алынатын қағидат қолданылады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің теңіз кеме қатынасы кәсіпорындары пайдаланатын шет мемлекеттердің туын көтеріп жүзетін кемелерге, егер бұл халықаралық шарттардан туындайтын оның міндеттемелеріне қайшы келмесе, осы баптың 1-тармағында көзделген режимді ұсынады.

3. Осы баптың 1-тармағының қолданысы:
шетел кемелерінің кіруі үшін жабық теңіз порттары мен теңіз порттарының бір бөлігіне таралмайды;

Уағдаласушы Тараптың әрқайсысы өз мемлекетінің кәсіпорындары мен ұйымдары үшін резервке қоятын, атап айтқанда каботажды, сондай-ақ құтқаруды, сүйретіп жүзуді, порттық қызмет көрсетулерді, суға батқан кемелерді көтеруді, міндетті лоцмандық алып өтуді қоса алғандағы қызметке қолданылмайды.

6-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасы және порттық ережелері шеңберінде теңіз тасымалдарын жеңілдету мен жеделдету және теңіз порттарындағы кедендік және өзге де формальдылықтарды жүзеге асыруды оңайлату үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

7-бап

1. Уағдаласушы Тараптардың бірі берген немесе танитын және борттағы кеме құжаттарын екінші Уағдаласушы Тарап та таниды.

2. 1969 жылғы Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенцияға сәйкес берілген кемелерді өлшеу туралы құжаттармен тиісті түрде жабдықталған бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кемелері екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің порттарында жаңадан өлшенуден босатылады. Бұл құжаттар порттық алымдарды есептеу кезінде негізге алынады.

8-бап

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдары берген теңізшілердің сәйкестендіру құжаттарын таниды.

Осындай құжаттар:

Қазақстан Республикасына қатысты - теңізшінің жеке куәлігі немесе Қазақстан

Республикасы азаматының паспорты;
Әзербайжан Республикасына қатысты - теңізшінің жеке куәлігі немесе Әзербайжан Республикасы азаматының паспорты болып табылады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің кемелері экипаждарының мүшелері азаматтары болып табылатын өзге мемлекеттер берген теңізшілердің сәйкестендіру құжаттарын мойындайды және осындай құжаттардың иелері, егер бұл ұлттық қауіпсіздік талаптарына қайшы келмесе ғана, осы Келісімнің 9 және 10-баптарында көзделген құқықтарды пайдаланатын болады.

9-бап

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің кемесі екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің теңіз портында болған кезде, осы Келісімнің 8-бабында көрсетілген тиісті сәйкестендіру құжаттарын ұсына алатын әрбір экипаж мүшесінің порт қаласының аумағында визасыз жағалауға шығуға құқығы бар. Алайда, осындай жағалауға шығуға, егер кеме капитаны осы теңіз портында қолданылып жүрген ережеге сәйкес құзыретті билік орындарына осы экипаж мүшесі көрсетілген кемелік рөлге ұсынған жағдайда ғана рұқсат беріледі.

2. Экипаж мүшесі жағалауға шыққан сәттен бастап және кемеге қайтып оралғанға дейін аумағында теңіз порты орналасқан мемлекеттің заңнамасын сақтауы тиіс.

10-бап

1. Осы Келісімнің 8-бабында аталған, бір Уағдаласушы Тарап берген теңізшінің сәйкестендіру құжаттарының иелері өз кемесіне келу, отанына қайтып оралу мақсатында немесе екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдары үшін қолайлы кез келген басқа да мақсатта екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңнамасы мен ережелерін сақтай отырып, осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына кіре алады немесе оның аумағы арқылы жүріп өте алады.

2. Осы Келісімнің 8-бабында көрсетілген тиісті сәйкестендіру құжаттарына ие экипаж мүшесі науқастануына, қызмет бабына немесе құзыретті билік орындары қабылдай алатын тағы да басқа себептерге байланысты екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы теңіз портына түскен жағдайда, бұл билік орындары экипаж мүшесіне олардың аумағында қалуға, медициналық көмек алуға немесе госпитальға жатуға немесе кез келген көлік түрімен өзі азаматы болып табылатын мемлекетке немесе кеме туы мемлекетіне қайтуға немесе жүк тиеудің басқа теңіз портына баруға қажетті рұқсатты береді.

3. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өздері қаламайтын адамдардың өз мемлекетінің аумағына кіруіне, кемеден түсуіне және аумағында болуына рұқсат етпеу құқығын сақтап қалады.

11-бап

1. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің сот билігі орындары екінші Уағдаласушы Тараптың кеме экипажының мүшесі ретінде жұмысқа жалдау шартынан туындайтын талаптарды қарауға қабылдамайтын болады.

Кеме экипажының мүшесі ретінде жұмысқа жалдау шартының ережелерін бұзушылықтар туралы талаптар кеме туын көтеріп жүзетін Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында және оның заңнамасына сәйкес қаралады.

2. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекеті кемесінің экипаж мүшесі кеме екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің теңіз портында болған уақытта осы кеме бортында құқық бұзушылық жасаған болса, онда аталған билік орындарының пікірінше мынадай:

құқық бұзу салдары кеме тұрған мемлекет аумағына таралатын;
осы мемлекетте қоғамдық тәртіп немесе оның қауіпсіздігі бұзылатын құқық бұзушылық болған;

осы кеме экипажының мүшесі болып табылмайтын кез келген тұлғаға қарсы құқық бұзушылық болған;

есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және қаруды заңсыз сатуды болдырмау үшін қудалау қажет болып табылатын басқа жағдайларда, егер кеме капитаны немесе ту мемлекетінің консулдық лауазымдық тұлғасы жергілікті билік орындарына көмек көрсету туралы өтініш жасамаса, онда осы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің билік орындары ту мемлекетінің құзыретті консулдық лауазымдық тұлғасының келісімінсіз оны заң бойынша қудаламайтын болады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларда кеме тұрған мемлекет капитанның өтініші бойынша ту мемлекетінің консулдық лауазымдық адамын қандай да бір шаралар қабылданғанға дейін хабардар етеді және аталған лауазымды тұлға мен кеме экипажының арасында байланыс орнатылуына ықпал етеді. Уақыт аса тығыз болған жағдайда бұл хабарлама көрсетілген шаралар қабылданып жатқан кезде жасалуы мүмкін.

12-бап

1. Бір Уағдаласушы Тарап қайраңға отырған, зақымдалған немесе кез келген теңіз апатына ұшыраған екінші Уағдаласушы Тараптың кемесіне, оның капитанына, экипаж мүшелеріне, жолаушыларына және жүгіне өз мемлекетінің кемесіне ұсынатындай көмекті ұсынады және бұл Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тиісті құзыретті органдарын кідіріссіз хабардар етуі тиіс.

Қоғам мүддесін қозғайтын жоғарыда көрсетілген теңіз оқиғаларына және осындай оқиға кеменің опат болуына, оны қалдыруға немесе адам өліміне әкелген барлық жағдайларда, Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тараппен

келісім бойынша тағайындайтын құзыретті органдар тексеру жүргізуі тиіс. Тағайындалған билік орындары тексеру нәтижелерін екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тиісті билік орындарына барынша қысқа мерзімде хабарлауы тиіс.

2. Егер кеме апатқа ұшыраса немесе зақымданса, Уағдаласушы Тарап кемесінен түсірілген немесе құтқарылған тауарлар екі ай ішінде екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына әкетілуі немесе осы Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес кедендік рәсімге орналастырылуы тиіс.

13-бап

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдері осы Келісім ережелерінің орындалу барысын қарау және теңіз сауда кеме қатынасы өзара мүдделі болып табылатын кез келген басқа да мәселелерін талқылау үшін Уағдаласушы Тараптардың бірінің өтініші бойынша кезектесіп, Қазақстан Республикасында және Әзербайжан Республикасында ауық-ауық кездесуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

15-бап

Құзыретті органдардың арасында консультациялар арқылы жою мүмкін болмайтын осы Келісімнің ережелерін түсіндірудегі және қолданудағы келіспеушіліктер дипломатиялық арналар арқылы немесе Уағдаласушы Тараптар арасындағы тиісті хаттамалар ресімделе отырып, келіссөздер жолымен шешіледі.

16-бап

Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын, жеке хаттамалармен ресімделетін, осы Келісімнің 17-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

17-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Уағдаласушы Тараптардың

бірі оның күшін тоқтату ниеті туралы екінші Уағдаласушы Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2011 жылғы 20 қазанда Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер тең түпнұсқалы. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Әзербайжан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін